

Жаңалықтар дайджесі


2023.03.04-2023.09.04



АДБ: Қазақстан экономикасының өсімі 2023 және 2024 жылдары үдей түседі, бірақ қатер төндіретін жайттер сақталады

Дереккөз: <https://kapital.kz/economic/114451/abr-rost-ekonomiki-kazakhstan-uskorit-sya-v-2023-i-2024-godakh-no-riski-sokhranyayut-sya.html>

Экономиканың өсуі бойынша ХҚҰ болжамдары, %



Дереккөз: opec.org



Айжан Әлибекова


Талдаушы

“ 2023 жылдың наурыз-сәуірінде барлық халықаралық ірі қаржы ұйымдары әлемнің көптеген елдеріне қатысты негізгі макроэкономикалық көрсеткіштер бойынша жасаған өз болжамдарын қайта қарауды жөн көрді. Олардың ішінде Қазақстан да бар. Азия даму банкінің ағымдағы болжамдары ХҚҰ берген бағалардың орташа деңгейіне сәйкес келеді. Бұл тұрғыда ХВҚ берген бағасы оптимистік сипатқа ие. Ол 2023 жылдың қорытындысы бойынша ЖІӨ 4.3%-ға, ал 2024 жылы 4.4% болады деп болжайды.

Егер бұл болжамдарды өткенге шолу жасай отырып, бағалайтын болсақ, 2022 жылғы 3.2%-дық экономикалық өсімге өзінің 3%-дық болжамымен Дүниежүзілік Банк және 2.5-2.8%-бен ХВҚ жақын болды. Ал АДБ болжамы тым оптимистік сипатқа ие және нақты нәтижеден тым алшақ - 4.3%. Бір қызығы, 2023 жылдың келешегіне қатысты айтар болсақ, олардың берген бағалары бір-біріне жақын. Жалпы ХҚҰ болжамдары ауқымының кеңдігі және олардың құбылмалылығы айтарлықтай тарылды. Бұл ғаламдық макроэкономикалық ахуалдың біртіндеп тұрақталып келе жатқандығының белгісі болуы мүмкін.

Атап өту керек, Jusan Analytics ЖІӨ өсімі бойынша болжамдары 2022 жылдың қорытындысы бойынша - 2.5-2.8% болған еді. Ол ХВҚ болжамдарына сәйкес келді. Бірақ отандық экономиканың тек құрылыс секторының күтпеген жерден 2022 жылдың 11 айының қорытындысы бойынша 4.3%-дан жыл қорытындысы бойынша 9.4%-ға дейін күрт өскендігі жете бағаланбады. “

2023.07.04 қарасты қаржы секторының жай-күйі



Сұңғат Рысбек

Талдаушы

“ АҚШ-та банк дағдарысының ушығып кетуі бойынша қауіп соңғы аптада аздап төмендеді. Күн тәртібінде банк секторы үшін тағы бір сындарлы мәселе тұр. **Ол – тұрғын үй және коммерциялық жылжымайтын мүлік сатылымының төмендеп кетуі.** 2023 жылдың 1 тоқсанында көп пәтерлі үйлердің сатылымы 14 млрд долларды құрап, 74%-ға төмендеп кетті. Бұл рекордтық құлдырау және оны 2009 жылғы ипотекалық дағдарыс кезіндегі құлдыраумен ғана салыстыруға болады.

Goldman Sachs талдаушыларының тұжырымдауынша АҚШ-та жиынтығында коммерциялық жылжымайтын мүлікті несиелендіру көлемінің 80%-ы шағын және орта банктерге тиесілі. Ол аздай, базалық мөлшерлеме жоғарылаған сайын, бұл банктер кредит беру стандарттарын қатаңдатады. **Пайыздық мөлшерлемесі тиянақталған кредиттер мөлшерлеменің өскендігін «сезбейді».** Сондықтан банктер қаржыландыру бойынша көп кетіп жатқан шығындардың орнын толтыру үшін мұндай несие беруді қолдана алмайды. **Өйткені тиімсіз.** Кредит берудің осы түрі бойынша клиенттердің төлей алмай қалу қаупі шағын және орта банктердің проблемасын ауырлата түседі. Қарыз алушылар өздерінің ағымдағы қарыздарын қайта қаржыландырулары мүмкін. Бірақ бұл қарыз алушының қарызын төлей алмай қалу қаупін жоғарылата түседі.



АҚШ еңбек нарығы және рецессия

АҚШ еңбек нарығы туралы жаңа статистикалық деректер рецессияның басталуы мүмкіндігі туралы қауіпті күшейте түсті. Америкалық жұмыс берушілердің (JOLTS) ашық бос жұмыс орындары бойынша статистикасы ақпанда бос жұмыс орындарының саны болжамды көрсеткіштен (10.4 млн) төмен болғандығын көрсетеді (9.9 млн бос жұмыс орны). Сәрсенбі күні, 5 сәуірде жасалған жұмыс орындарының саны бойынша ADP деректері шықты – 145 мың, ал болжамды көрсеткіш 200 мыңдай болатын. Көп ұзамай жұмыссыздық бойынша жәрдемақы алу үшін өтініш берген америкалықтардың саны бойынша деректер шықты. Бір апта ішінде көрсеткіштер 228 мың адамды құраған. Ал болжам бойынша 200 мыңнан аспауы керек.

Қорытындылай келе, АҚШ-тың еңбек нарығы бойынша статистикасы өте жағымсыз әсер қалдырды. Бұл жоғары инфляциямен бірге рецессияның басталу қаупін күшейте түседі. Бұл ретте ФРЖ өкілдері өзекті мөлшерлемені көтеру қажеттігін мәлімдеп жатыр. ФРЖ өзекті мөлшерлемесін көтеру банк секторына деген сенімді төмендетіп те үлгерді. Жылжымайтын мүлік нарығындағы ықтимал проблемалар да қауіп төндіріп тұр. Бұл кезінде онсыз да ғаламдық қаржы дағдарысына әкеп соққан болатын. Алайда орын алған проблемаларға қатысты реттеушілердің дер кезінде әрекет етуін ескерер болсақ, біз әлемде экономикалық ахуал ғаламдық тұрғыда нашарлайды деп ойламаймыз.”

2022 жылы Қазақстанда Тікелей шетелдік инвестициялардың жалпы түсімі 17.7%-ға өсті

Дереккөз: <https://kapital.kz/economic/114493/valovyy-pritok-pii-v-kazakhstan-v-2022-godu-vyros-na-17-7.html>



Дереккөз: ҚРҰБ



Клара Сейдахметова

Талдаушы


“ 2022 жылдың қорытындысы бойынша шетелдік инвестицияның жалпы түсімі 17.7%-ға өсіп, 28 млрд долларды құрады немесе ЖІӨ-ның 12.7%-ына жетті. Инвестицияның басым бөлігі – 63.4%-ы өнеркәсіп секторына жұмсалды. Олардың ішінде 43.4%-ы тау-кен өндіру секторына бағытталды. Инвестицияның шамамен 20%-ын сауда секторы алды. Ал сол уақытта құрылыс және көлік саласына инвестицияның 5%-ға жуығы жұмсалды.

Өңірлік бөліністе инвестицияның басым бөлігі Атырау облысына (29.5%) және Алматы қаласына (27.0%) бағытталды. Инвестицияның шамамен 8%-ын ШҚО мен Астана қаласы алды.

Таяуда S&P Global Ratings-тің Қазақстанның тәуелсіз кредиттік рейтингі бойынша өз болжамын «жағымсыз» сипаттан «тұрақты» сипатқа қайта өзгерткені біздің пікірімізше, ағымдағы жылы Қазақстанның инвестициялық тартымдылығына оң әсер етеді және экономикаға тікелей шетелдік инвестициялардың келуін арттыра түседі. Бұл экономика өсімінің тұрақты деңгейде болуына септігін тигізеді. ”

Бір жыл ішінде плюс 15%: Қазақстан Әзірбайжанмен арадағы тауар айналымын ұлғайтуды жоспарлауда

Дереккөз: <https://ru.sputnik.kz/20230405/plyus-15-za-god-kazakhstan-planiruet-uvelichit-tovarooborot-s-azerbaydzhanom--33611257.html>



Клара Сейдахметова

Талдаушы

“Сәуір айының басында Қазақстанның сауда-экономикалық миссиясы Әзірбайжанда жұмыс жүргізді: Баку қаласында Қазақстан-Әзірбайжан бизнес-форумы өтті. Екі мемлекет арасындағы тауар айналымы, Қазақстанның Сауда және интеграция вице-министрі Қайрат Төребаевтың пікірінше екі елдің әлеуетіне сәйкес келмейді.

Қазақстан мен Әзірбайжан ағымдағы жылы өзара тауар айналымын **15%-ға көтеруді жоспарлауда**. Атап өту керек, соңғы жылдары Қазақстан мен Әзірбайжан арасындағы тауар айналымы айтарлықтай өсті және 2022 жылдың деректері бойынша 462 млн долларды құрады. Бұл 2021 жылмен салыстырғанда 40%-ға жоғары.

Сонымен қатар таяу күні Қазақстан мен Әзірбайжан Президенттерінің кездесуі өтті. **Онда екі елдің басшылары жақын болашақта Қазақстан мен Әзірбайжан арасындағы тауар айналымын екі есеге жуық – 1 миллиард долларға деін арттыруға келісті.**

Қазақстаннан Әзірбайжанға жөнелтілетін негізгі экспорттық тауарлар: бидай, мұнай және мұнай өнімдері, қара металл өнімдері, тыңатқыштар, күріш, көкөніс және шоколад. Ал өз кезегінде Әзірбайжан біздің елімізге қант, пропилен полимерлерін, құбырлар, су, жаңғақтар, жемістер, сорғылар, қаптаушы қапшықтар және оқшауланған сымдар экспорттайды.”

2023.10.04 қарасты негізгі нарықтық индикаторлар бойынша бағыттар



— S&P 500 (бейтарап)

Өткен аптада S&P 500 индексі өзгермеді десе де болады (-0.1%) және 4105п. белгісінде қалды. Осылайша 200 күндік сырғымалы орташа көрсеткіштен және қолдау сызығынан кейін жоғары серпілген соң, бенчмарк аздап тежелді. Қысқа мерзімде ол 4200 немесе 4300п. дейін өсуі мүмкін. Алайда айта кету керек, ұзақ мерзім ішінде ол 3600–4300 п.т. кең дәлізде болуы ықтимал. Біз қазір ол бұл дәлізден шығады деп ойламаймыз. Инвесторлардың назары қазір АҚШ-тың наурыздағы инфляция бойынша есебіне және бөлшек саудалық сатылым және өндіріс бойынша статистикаға ойысқан. Олардың біріншісі 12 сәуірде, екіншісі 14 сәуірде жарияланады деп күтілуде. Алайда сарапшылар болса, басталып жатқан корпоративтік есептер маусымына зейін қоя бастады. Бұл есептер дәстүр бойынша банктердің есебінен кейін жариялана бастайды.

Айталық, сарапшылар қорқыныш білдіруде: клиенттері бірінен-соң бірі кетіп жатқан кезде банктердің тоқсандық есептері банктердің проблемаларын тағы да жайып салатын болды.

▲ Алтын (жоғары)

Өткен аптада алтын осымен алты апта қатарынан айтарлықтай өсті (+2%), сөйтіп бір унция үшін 2026 АҚШ доллар белгісінде жабылды. Осылайша «сары темір» 1970 доллар деңгейі маңында аздап шоғырланған соң, әрі қарай өсті. Дегенмен, алтын бұл деңгейден төмендеп, ұзақ мерзімді жоспарда ол бойынша үрдіс «бұқалық» сипатта болуы мүмкін.

Осы аралықта алтын бойынша көрініс аздаған айырмашылықтармен бірге акцияға ұқсайды. Айталық бұл активке жалпы әлсіреп жатқан әлемдік экономика, криптоиндустриядағы проблемалар, банк секторындағы турболенттіліктер, шешілмеген геосаси сын-қатерлер және тіпті АҚШ-тың әлі айқындалмаған мемлекеттік борышы қолдау болып жатыр. Басқа жағынан алып қарағанда, дамыған елдердің инфляциямен күресіп жатқан орталық банктері оған қарсы ойнауда. Бір унция 2000 доллардан асқан соң, нарықтың амалсыз тең жағдайға тап болды.

▼ Brent (төмен)

Brent мұнайы апта соңында бір баррелі үшін 85.1 АҚШ доллары деңгейінде жабылды. Сөйтіп бір апта ішінде 6.6%-ға өсті. Осылайша «қара алтын» жоғары көтерілуін үдетіп, 90 долларға дейін жетуі мүмкін. Алайда бұл өсім түзетушілік сипатқа ие. Ал әзірге мұнай 90 доллардан төмен деңгейде сатылатын болса, ол бойынша ұзақ мерзімді үрдіс «аюлық» сипатта болады. Әзірше мұнай бойынша басты мақсат – бір баррель үшін 60–65 доллар аумағында. Дейтұрғанмен, әлемдік экономика өсімінің тез бәсеңдеп, базалық шикізаттарға сұраныстың төмендеп кету ықтималдығына қарамастан, біз мұнай бағасының әрі қарай өсу мүмкіндігін жоққа шығармаймыз. 2 сәуірде ОПЕК+ -тің «ағымдағы жылдың мамырынан соңына дейін мұнай өндіруді тәулігіне 1.15 млн баррельге дейін қысқартамыз» деген соңғы аңдатпасы мұнайдың басқа базалық шикізаттарға қарағанда картель түрінде қолдаушылары бар екендігін білдіреді. Оның үстіне санкциялық жыл барысында Батыстың шектеулеріне сол мезетте жауап қайтаруға бейім танытпаған Ресей де нарықтық бағаға ықпал ете алар құралдары бар екендігін көрсетті.

Және сөз соңында «бұқалық» факторлар ретінде дамыған елдердің орталық банктерінің монетарлық саясатты қатаңдату бойынша болжамдардың төмендеп жатқандығын және Қытай экономикасының қалпына келіп жатқандығын ескере кеткен жөн.

2023.10.04 қарасты негізгі нарықтық индикаторлар бойынша бағыттар (жалғасы)



▲ Уран (жоғары)

Өткен аптада уран аздап өсіп (+1.5%), 51.1 АҚШ доллары деңгейінде жабылды.

Жалпы ол ұзақ уақыттан бері 46 мен 52 доллар аумағында келеді. Қысқа мерзім ішінде уран осы аумақтың ең төменгі шегіне дейін түсуі мүмкін. Бірақ соған қарамастан, ол бойынша үрдіс «бұқалық» сипатқа ие, ал өсу мақсаты – 60 және 73 доллар. Көмірсутектік экономикадан жасыл экономикаға өту бойынша әлемдік стратегияда уран – аралық буын ретінде қаралады. Алайда жағдайды рецессия қаупі және мұнайдың әлсіз бағасы бұзуда. Бұл ретте қысқа мерзімді өсуге кедергі келтіретін жайт – ол әлемде атом электр стансаясы құрылысының ұзаққа созылатындығында болып отыр. Ал жергілікті тұрғыда жекелеген өндірушілер, атап айтқанда Қазатомөнеркәсібі уран бағасының өскендігіне қарамастан, өндіруді ұлғайтуға асығар емес. Керісінше инвестициялық шикізаттық қорларға қатысу есебінен бағаның әрі қарай өсуін тездетіп түсуде.

▲ USD/RUB (жоғары)

Өткен аптада USD/RUB жұбының бағасы осымен 5-ші апта қатарынан өсіп (+3.3%), 80.5 рубль белгісінде жабылды.

Осылайша өсуін жалғастырып, 75 рубльден жоғары орныққан соң, келесі меже – 86 рубль деңгейіне тез жақындауда. Бұл ретте біз рубльдің әлсіреп жатқандығынан (желтоқсанның ортасынан бері) біз анау айтқандай таңқаларлық жайт көріп тұрғанымыз жоқ. Біз өткен жылы 15 мамырда рубль мен теңгенің бағамдары бойынша үлкен талдамалы жұмысты жариялаған болатынбыз. Онда екі валютаның қысқа және ұзақ мерзімді келешектегі серпіні бойынша болжамдар көрсетілді. Әзірге барлығы осы болжам аясында жүріп жатыр. Жалпы алып қарағанда, Ресейдің экспорттық-импорттық легі біртіндеп тұрақталып жатыр және ол ағымдағы шотқа жағымсыз әсер етуде.”

Авторлар: Айжан Әлибекова, Абылай Асылхан, Гүльназ Алдибекова, Клара Сейдахметова, Сұңғат Рысбек

Жауапкершілікті шектеу:

Jusan Analytics - «Jusan Bank» АҚ аналитикалық құрылымдық бөлімшесі.

Бұл тек ақпараттық сипатқа ие жұмыс. Сонымен қатар бұл Jusan Analytics тарапынан қандай да бір ұсынысқа немесе есеп-қисап, іскерлік, қаржылық, инвестициялық, заңдық, салықтық немесе басқа да кәсіби консультациялар беру не болмаса қызмет көрсетуді ұсыну бойынша ұмтылысқа жатпайды. Материал біз сенімді деп санаған, шынайы әрі ашық ақпарат көздерінен алынған мәліметтерге негізделген. Алайда біз келтірілген мәліметтерді мінсіз деп айта алмаймыз.

Оқырмандар дербес қаржылық шешім қабылдау үшін осы жұмыстағы мәліметтерді пайдаланғандары үшін біз жауапты емеспіз. «Jusan Bank» АҚ Jusan Analytics тұлғасында жарияланымдағы ақпараттарды тұрақты түрде жаңартып тұруға немесе ондағы ықтимал дәлсіздіктерді түзетуге міндетті емес. Осы ретте аталмыш жұмыстың құрамындағы мәліметтер толық, түпкілікті болып саналмайды және алдын ала ескертусіз кез келген уақытта өзгертілуі мүмкін.

Бұл жұмыстағы жарияланған ақпарат жеке пайдалануға қолжетімді, бірақ коммерциялық тұрғыда таратуға арналмаған және Jusan Analytics-тің алдын ала жазбаша рұқсатынсыз оны толығымен немесе ішінара қайта жаңғыртуға, жолдауға және жариялауға болмайды.

Материалды пайдалану мәселесі бойынша Jusan Analytics-ке жүгініңіз:

Қазақстан Республикасы, Алматы қ.
А25D5F7, әл-Фараби даңғылы, 36, В блогы, 6 қабат.
analytics@jusan.kz